Мемлекеттік грант беру туралы
2024 жылғы «30» сәуірдегі №64
Шарттың № 7қосымшасы

**Әлеуметтік жобаны іске асыру нәтижелері бойынша**
**қорытынды есеп**

1. Үкіметтік емес ұйымның толықатауы: «Бала жолы» қоғамдық қоры
2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда): Жолдыбаев Таңат Реймұлы
3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:+7 702 501 4781
4. Грантты іске асыру шеңберіндегі әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы (бағыты): **Отбасы институты – тұлға мен қоғам арасындағы маңызды байланыс (Отбасы институтын нығайту)**
5. Әлеуметтік жобаны және/немесе әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңінің басталу және аяқталу күні: 01 мамыр–30 қараша, 2024 жыл
6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы: 9 975 520 (тоғыз миллион тоғыз жүз жетпіс бес мың бес жүз жиырма) теңге

**1. Әлеуметтік жоба шеңберіндегі іс-шараларды сипаттаңыз**

***1 міндет. Дайындық кезеңін ұйымдастыру, жобалық кеңсені жасақтау***

**1 іс-шара. Жобалық топтың жұмысын ұйымдастыру, жұмыс бөлінісін қамтамасыз ету**

Ағымдағы жылдың мамыр айында Ақтау қаласында жобаны бастау үшін 3 қызметкерден тұратын жобалық топ құрылды.
2024 жылдың мамыр айында Ақтау қаласында жүзеге асырылған 2-іс-шара аясында медиа-план мен контент-жоспар жасақтау жұмыстары жүргізілді. Бұл процесте медиа-план арқылы ақпараттық стратегиялар анықталып, мақсатты аудиторияға арналған тиімді арналар мен мазмұн түрлері белгіленді. Ал контент-жоспарды жасау барысында әртүрлі медиа-арналар үшін жоспарланған мазмұнның құрылымы мен уақыт кестесі әзірленді. Бұл шаралардың басты мақсаты — ұйымның мақсаттарына жету үшін медиа және контентті үйлесімді түрде жоспарлап, оларды тиімді жеткізу арқылы ресурстарды дұрыс пайдалану және жұмыстың уақытылы орындалуын қамтамасыз ету болды.

***2 міндет. Ақпараттық кезеңді бастау***

**1 іс-шара. Серіктестермен, өзге де медиа порталдармен, ақпарат агенттіктерімен ақпараттық қолдау мақсатындағы келіссөздер жүргізу**

2024 жылы мамыр айында жоба аясында ақпараттық кезең басталды. Бұл кезеңде жүргізілген келіссөздер нәтижесінде Маңғыстау облыстық телеарнасы, «Маңғыстау Медиа» ЖШС («Маңғыстау» газеті, «Огни Мангистау» газеті), және «Каспиан тудей» ақпараттық порталынан қолдау хаттары алынды. Сондай-ақ, серіктестермен, басқа медиа порталдармен және ақпарат агенттіктерімен ақпараттық қолдау көрсету мақсатында келіссөздер жүргізіліп, қажетті келісімдер жасалды. Бұл шара ақпараттық қолдауды қамтамасыз ету үшін маңызды қадам болды.

***3 міндет. Ақпараттық кезеңді жүзеге асыру***

Маусым 2024 жылы Ақтау қаласында жүзеге асырылған 4-іс-шара аясында ақпараттық кезең жүзеге асырылды. Бұл шарада Маңғыстау облыстық коммуникациялар орталығының алаңында брифинг өткізіліп, тікелей эфирден таратылды. Сонымен қатар, брифингтің негізгі мазмұны әлеуметтік желілерде жарияланып, кеңінен таралды. Жобаның ашылуы туралы БАҚ өкілдеріне арналған брифинг өткізіліп, ақпараттық қолдау мен таныстыру жұмыстары жүргізілді. Әлеуметтік желілерде жариялау арқылы жобаның ақпараттық ауқымы кеңейтілді.

***4 міндет. Жобаны жүзеге асыру***

**1 іс-шара. Ақтау қаласы әкелерінің рөлін нығайту, әке мен баланың қарым-қатынасын жетілдіруге бағытталған кемінде 600 адамның қатысуымен республикалық сарапшыларды тарта отырып, қалалық ақпараттық жиын өткізу**

2024 жылы 12 маусым Ақтау қаласының «Хан шахар» салтанат сарайында «Асқар тауың – әкең қымбат» атты форум аясында Ақтау қаласы әкелерінің рөлін нығайту және әке мен баланың қарым-қатынасын жетілдіруге бағытталған қалалық ақпараттық жиын ұйымдастырылды. Шараға республикалық сарапшылар қатысып, 634 адам қатысты. Форумды ұйымдастыру барысында афиша жасалып, әлеуметтік желілерде жарияланды. Қатысушыларға электронды шақыру билеттері таратыла отырып, лэд экранға банер орналастырылды. Шара туралы жергілікті БАҚ-тарда және әлеуметтік желілерде жарияланымдар жасалып, қатысушыларға қызмет көрсету бойынша хаттар жолданды.
https://www.facebook.com/reel/2731241910368906

**2 іс-шара. Ақтау қаласындағы кемінде 300 әлеуметтік осал топқа жататын аналарды жігерлендіруге бағытталған республикалық сарапшыларды тарта отырып кемінде 2 қалалық бетпе бет кездесу ұйымдастыру**

2024 жылы 17-18 шілде Ақтау қаласының «Хан шахар» салтанат сарайында «Мен әйелмін – әлемнің анасымын» атты екі күндік кездесу ұйымдастырылды. Бұл шараның мақсаты — Ақтау қаласындағы әлеуметтік осал топқа жататын аналарды жігерлендіру болды, оған 323 адам қатысты. Шараға Алматы қаласынан 2 спикер шақырылды. Іс-шараның афишасы, бағдарламасы, сценариі және лэд экранға қойылатын банері тапсырыс берушімен келісіліп, жергілікті БАҚ-тар мен әлеуметтік желілерде жарияланды. Сонымен қатар, шараға қатысушыларға қызмет көрсету бойынша хаттар жолданды.

**3 іс-шара. Қала әйелдерін өз ісін ашуға ынталандыруға бағытталған кемінде 50 адамның қатысуымен кемінде 4 бағыттағы*(мысалы, кондитер, шаштараз, маникюр, массаж, тігін және т.б.)* оффлайн шеберлік сағатын ұйымдастыру**

01 тамыз – 31 тамыз 2024 жыл аралығында Ақтау қаласында қала әйелдерін өз ісін ашуға ынталандыруға бағытталған оффлайн шеберлік сабақтары ұйымдастырылды. Шараға 50 адам қатысып, 4 бағытта (шаштараз, аспаз, тігін және бет әрлеу) шеберлік сабақтары өткізілді. Сабақтар «Апельсин» сұлулық салондары (бет әрлеу, шаштараз), «Жансая food» асхана цехы (аспаз) және «Кербез» тігін шеберханасында (тігін) білікті мамандардың қатысуымен ұйымдастырылды. Қатысушылар Ақтау қаласы әкімдігінің «Жанұя» отбасын қолдау орталығында тіркелген әлеуметтік осал топтағы әйелдер болды. Әрбір қатысушы бір ай бойы кәсіби дағдыларын шыңдап, таңдаған мамандықтары бойынша білім алды. Шара соңында ұйымдастырушылар тарапынан сертификаттар мен гүл шоқтары табысталды. Бұл іс-шараның мақсаты аналардың отбасындағы рөлін нығайту, олардың өзін-өзі дамытуға және кәсіп ашуға ынталандыру болды.
https://www.facebook.com/100003270845135/posts/8634299250022351/?mibextid=wwXIfr&rdid=3oA9mTQTyyCz9be0

**4 іс-шара. Ақтау қаласының жасөспірімдері мен жастары арасындағы әлеуметтік жағымсыз құбылыстардың *(нашақорлық пен ойынқұмарлық, ерте жүктілік, суицид)* алдын алуға бағытталған республикалық, халықаралық олимпиада, спорттық шаралардың жеңімпаздарын (оқушыларды) тарта отырып кемінде 200 адамның қатысуымен 2 ірі іс-шара ұйымдастыру**
2024 жылы 25 қазан Ақтау қаласында Назарбаев зияткерлік мектебінің акт залында жастар мен жасөспірімдер арасындағы әлеуметтік жағымсыз құбылыстардың алдын алуға бағытталған 2 ірі іс-шара ұйымдастырылды. Бұл шараларға 200-ден астам адам қатысты. Қатысушылармен кездесу барысында психотроптық заттар, темекі шегу, топтық төбелес, суицид, кибербулинг, лудомания сияқты әлеуметтік мәселелер туралы сөз қозғалды. Жастарға жалпы ішімдік, есірткі және темекінің денсаулыққа зияны туралы арнайы әзірленген бейнетаныстырылымдар көрсетілді. Кездесуде спикерлер ретінде республикалық олимпиада жеңімпаздары (Азамат Жолжан, Нурланова Альмира) мен Азия чемпионы, жастарды спортқа баулып жүрген бапкер (Орынбаев Қуандық Тынымбайұлы) шақырылды. Олар жастарға ұлттық құндылықтар, салауатты өмір салты және жағымсыз әдеттермен күрес туралы ой-пікірлерін ортаға салды. Жиын соңында қатысушылардың сұрақтарына жауап беріліп, арнайы шығарылған брошюралар үлестірілді. Шараның мақсаты — жастарды келешекке бағыттау, оларды ұлттық мүдде мен салауаттылыққа тәрбиелеу, сондай-ақ әлеуметтік жағымсыз құбылыстарға қарсы күресу болып табылды.
https://www.facebook.com/watch/?mibextid=wwXIfr&v=1486258262044639&rdid=1mK4SGFETUVw2aBR

**5 іс-шара. Тұрмыстық немесе физикалық зорлық-зомбылық көрген 50 әйелдің құқықтық және қаржылық, менталды сауаттылығын арттыру мақсатында ауқымды 2 оффлайн оқыту шарасын өткізу**
2024 жылы 26 қазан Ақтау қаласындағы «BR» әлеуметтік жобасының конференц залында тұрмыстық немесе физикалық зорлық-зомбылық көрген 50 әйелге құқықтық, қаржылық және менталды сауаттылықты арттыру мақсатында екі оффлайн оқыту шарасы өткізілді. Іс-шараны жүргізген спикерлер – Ахметова Жібек және Маханбетова Жақсыгүл.
Шараға қатысқан көпбалалы аналар өз құқықтарын қорғау, тұтынушы құқығы, отбасылық қаржыны реттеу, ақшаны орнымен пайдалану бойынша білім алды. Тренингте қатысушылар заңды тиімді пайдалану, отбасылық бюджетті басқарудың маңызды принциптері, шығындарды жоспарлау мен үнемдеуді үйренді. Сарапшылар құқықтық, қаржылық мәселелер бойынша тәжірибе алмастырып, пайдалы кеңестер берді. Оқытудың негізгі мақсаты — қатысушыларға өз құқықтарын түсінуге, қаржыны тиімді пайдалануға және менталды сауаттылықты арттыруға көмектесу болды. Шара соңында сертификаттар табысталып, қатысушыларға қажетті канцелярлық тауарлар мен ауыз су үлестірілді. Бұл тренингтерден алған білімдерін алдағы уақытта тәжірибеде қолданатындарын атап өтті.
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=8677477295704546&id=100003270845135&mibextid=wwXIfr&rdid=KEsjDeKfvz1uDxRU#

***5 міндет. Жобаның жүзеге асу барысын ақпараттандыру***
**1 іс-шара. Жобаның жүзеге асу барысы туралы ақпараттық фото, видео материалдар дайындау, өңдеу, жариялау**
Жоба аясында барлық өткізілген шаралардың фото және видео түсірілімі қамтамасыз етіліп, материалдар әлеуметтік желі арқылы таратылды.
Жобаның қорытындысы бойынша Маңғыстау облысының Қоғамдық коммуникация орталығында брифинг өткізілді:
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=8745427435576198&id=100003270845135&mibextid=wwXIfr&rdid=rUMKeKN7YNiLF9V0

**Кестені толтырыңыз және алынған нәтижелерді жоспарланған нәтижелермен салыстырыңыз:**

| | |
|---|---|
| **Жобаның мақсаты:** | Ақтау қаласында отбасы институтын нығайту және отбасылық мәселелердің алдын алуға бағытталған іс-шараларға кемінде 1000 адамды тарту |
| **Жобаны іске асырудан қол жеткізілген нәтиже:** | Ақтау қаласында отбасы институтын нығайту және отбасылық мәселелердің алдын алуға бағытталған іс-шараларға 1235 адам тартылды |

| **Міндет** | **Міндет шеңберіндегі іс-шаралар** | **Өткізілу күні** | **Өткізілу орны** | **Қатысушылардың саны** | **(Іс-шараларға) қол жеткізілген қысқа мерзімді нәтижелер** | **Сандық және сапалық көрсеткіштер** | **Индикаторлар** | | **Ұзақ мерзімді келешектегі нәтижелері/әсері (міндеттерге)** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | **жоспар** | **факт** | |
| 1 міндет. Дайындық кезеңін жүзеге асыру | Жобалық топтың жұмысын ұйымдастыру, жұмыс бөлінісін қамтамасыз ету | Мамыр, 2024 | Ақтау қаласы | 3 | | Қызметкерлер саны және олар туралы ақпараттар<br><br>Медиа-план, контент-жоспар жасақтау | 3<br><br>1 | 3<br><br>1 | |
| 2 міндет. Ақпараттық кезеңді бастау | Серіктестермен, өзге де медиа порталдармен, ақпарат агенттіктері мен ақпараттық қолдау | Мамыр, 2024 | Ақтау қаласы | 3 | | Әлеуметтік жобаның қол жеткізген нәтижелері мен жобаның жүзеге асу барысын БАҚ-қа жариялау бойынша серіктестерден | 4 | 4 | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | мақсатындағы келіссөздер жүргізу | | | | | хат немесе меморандум алу | | | |
| 3 міндет. Ақпараттық кезеңді жүзеге асыру | Жобаның ашылуын хабардар ету туралы БАҚ өкілдеріне брифинг өткізу<br><br>Шара барысында алынатын сауалнама | Мамыр, 2024 | Ақтау қаласы | 3 | | Пре-пост сауалнама үлгісі<br>Сауалнамаға қатысушылар тізімі<br>Қорытынды анализ | 1<br>1<br>1 | 1<br>1<br>1 | |
| 4 міндет. Жобаны жүзеге асыру | Ақтау қаласы әкелерінің рөлін нығайту, әке мен баланың қарым-қатынасын жетілдіруге бағытталған кемінде 600 адамның қатысуымен республикалық сарапшыларды тарта отырып, | Маусым, 2024 | Ақтау қаласы | 2 | | Тапсырыс берушімен келісілген спикерлер (түйіндеме)<br>Спикерлердің материалдары (баяндамасы, презентациясы)<br>Республикалық сарапшылар тізімі (түйіндеме)<br>Модератор (түйіндеме)<br>Тапсырыс берушімен келісілген бағдарлама | 2<br>1<br>1<br>1<br>1 | 2<br>1<br>1<br>1<br>1 | «Асқар тауың – әкең қымбат» атты форумның аясында ұйымдастыру жұмыстары барысында афиша жасақталып, әлеуметтік желілер арқылы жарияланды. Қатысушыларға электронды шақыру билеттері таратылып, лэд экранға банер |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | қалалық ақпараттық жиын өткізу | | | | | Фотоесеп<br><br>Видеоесеп<br>Әлеуметтік желіге арналған қысқа пост<br>БАҚта жарияланым<br>Қатысушылардың қанағаттану деңгейі<br>Қатысушылар тізімі<br><br>Пікір<br>Жиынның хаттамасы | 10-нан кем емес<br>1<br>3<br><br><br>2<br><br>80%<br><br><br>1 (600 қатысушы)<br><br>5<br>1 | 10-нан кем емес<br>1<br>3<br><br><br>2<br><br>80%<br><br><br>1 (600 қатысушы)<br><br>5<br>1 | жасақталды. Форумның бағдарламасы мен сценарии тапсырыс берушімен келісілді. Аталған шараға 4 спикер (1 – Астана қаласынан, 3 – Маңғыстау облысынан) 1 модератор және 633 қатысушы қатысты. Шара туралы жергілікті БАҚтарда, әлеуметтік желілерде жарияланды. Шараға қатысушылармен қамтамасыз ету бойынша хаттар жолданды. |
| | Ақтау қаласындағы кемінде 300 әлеуметтік осал топқа жататын аналарды | 12 маусым, 2024 ж | «Хан шахар» салтанат сарайы, Ақтау қаласы. | 633 | | Спикер (түйіндеме)<br>Республикалық сарапшы (түйіндеме)<br>Спикер мен республикалық сарапшылардың | 2<br><br>1<br><br><br>2 | 2<br><br>1<br><br><br>2 | «Мен әйелмін – әлемнің анасымын» атты екі күндік кездесуге 323 адам қатысты. 2 спикер Алматы қаласынан |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | жігерлендіруге бағытталған республикалық сарапшыларды тарта отырып кемінде 2 қалалық бетпе бет кездесу ұйымдастыру | | | | | материалдары<br>Банер<br>Тапсырыс берушімен келісілген бағдарлама<br>Фотоесеп<br><br>Видеоесеп<br><br>Әлеуметтік желіге арналған қысқа пост<br>БАҚта жарияланым<br>Қатысушылардың қанағаттану деңгейі<br>Қатысушылар тізімі<br><br>Пікір<br><br>Қорытынды ақпарат | <br>1<br>2<br><br><br>10-нан кем емес<br>2-ден кем емес<br>2 әр шарадан<br><br>1 әр шарадан<br>80%<br><br>2 (300 қатысушы)<br>6-дан кем емес<br>2 | <br>1<br>2<br><br><br>10-нан кем емес<br>2-ден кем емес<br>2 әр шарадан<br><br>1 әр шарадан<br>80%<br><br>2 (300 қатысушы)<br>6-дан кем емес<br>2 | шақыртылды. Шараның афишасы, бағдарламасы, сценарии, лэдке қойылатын банері тапсырыс берушімен келісіліп, жергілікті БАҚта, әлеуметтік желілерде жарияланды. Шараға қатысушылармен қамтамасыз ету бойынша хаттар жолданды. |
| | Ақтау қаласының жасөспірімдері мен жастары арасындағы әлеуметтік жағымсыз құбылыстардың | 17-18 шілде, 2024 жыл | «Хан шахар» салтанат сарайы, Ақтау қаласы. | 323 | | Спикер (түйіндеме)<br>Спикердің материалдары<br>Модератор (түйіндеме)<br>Республикалық, халықаралық олимпиада, спорттық | 4<br><br>4<br><br>1<br><br>1 | 4<br><br>4<br><br>1<br><br>1 | Қаламыздың 200-ден астам жастары мен жасөспірімдермен кездесу өтті. Психотроптық заттарды тұтыну мен темекі шегу, жасөспірімдер арасында топтық |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | (нашақорлық пен ойынқұмарлық, ерте жүктілік, суицид) алдын алуға бағытталған республикалық, халықаралық олимпиада, спорттық шаралардың жеңімпаздарын (оқушыларды) тарта отырып кемінде 200 адамның қатысуымен 2 ірі іс-шара ұйымдастыру | | | | | шаралардың жеңімпаздарының тізімі (Қандай пәннен немесе қай спорт түрінен)<br>Брошюра үлгі<br>Жетістікке жеткен жастар туралы бейнеролик әзірлеу<br>Банер<br>Тапсырыс берушімен келісілген бағдарлама<br>Фотоесеп<br>Видеоесеп<br>Әлеуметтік желіге арналған қысқа пост<br>БАҚта жарияланым<br>Қатысушылардың қанағаттану деңгейі<br>Қатысушылар тізімі<br>Пікір<br>Қорытынды ақпарат | 1<br>4<br>2<br>2<br>10 әр шарадан<br>1 әр шарадан<br>2 әр шарадан<br>1 әр шарадан<br>80%<br>2 (200 қатысушы)<br>6-дан кем емес<br>2 | 1<br>4<br>2<br>2<br>10 әр шарадан<br>1 әр шарадан<br>2 әр шарадан<br>1 әр шарадан<br>80%<br>2 (200 қатысушы)<br>6-дан кем емес<br>2 | төбелес, оқушылардың бір-біріне әлімжеттігі, жастар арасындағы суицид мәселесі де бүгінде өзекті. Соңғы уақытта лексиконымызға кибербулиинг, лудомания сөздері де қосылды. Яғни, әлеуметтік желінің арғы жағында отырып, өзге де интернет арқылы психологиялық күш көрсету. Осы мақсатта қала мектептерінің бірінде оқушылармен кездесу өтті. Оқушылармен басқосуда жалпы ішімдік, есірткінің, темекінің адам денсаулығына зиянды тұстары айтылып, арнайы |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | әзірленген бейнетаныстырылымдар көрсетілді. кездесудің негізгі мақсаты – жастардың көзімен болашақты құру, ұлттық мүдде, ұлттық құндылық, білім, сауаттылық пен салауаттылық, жағымсыз әдеттермен күрес, жетістікке жету жолында қандай әрекет жасауға болатыны жөнінде өздерінің ой-пікірлерін ортаға салды. Бұл алаңда өз пікірлерімен бөлісу үшін спикерлер ретінде түрлі додада топ жарып, пәндік олиимпиада, әр деңгейдегі пікірсайыстарда |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | жеңімпаз болған және жастар мен жасөспірімдерді спортқа баулып жүрген бапкер, Азия чемпионында арнайы шақырылды. Жиын соңында жиналғандар тәрбие тақырыбындағы ойларын білдіріп, оқушылардың сұрақтарына жауап берді. Қатысушыларға арнайы шығарылған брошюралар үлестірілді. |
| | Тұрмыстық немесе физикалық зорлық-зомбылық көрген 50 әйелдің құқықтық және қаржылық, менталды сауаттылығын арттыру | 01 тамыз-31 тамыз, 2024 жыл. | Ақтау қаласы:<br>1. «Апельсин» сұлулық салоны;<br>2. «Жан сая food» ас цехы,<br>3. «Керб ез» тігін шеберханасы | 50 | | Спикер тізімі (түйіндеме, диплом)<br>Спикер материалдары<br>Банер<br>Сертификат үлгісі<br>Тапсырыс берушімен келісілген бағдарлама<br>Фотоесеп | 2<br>2<br>1<br>1<br>2<br>10 әр шарадан | 2<br>2<br>1<br>1<br>2<br>10 әр шарадан | Ақтауда қала әйелдерін өз ісін ашуға ынталандыруға бағытталған 50 адамның қатысуымен 4 бағыттағы *(шаштараз, аспаз тігін және бет әрлеу)* оффлайн шеберлік |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | мақсатында ауқымды 2 оффлайн оқыту шарасын өткізу | | | | | Видеоесеп<br>Әлеуметтік желіге арналған қысқа пост<br>БАҚта жарияланым<br>Қатысушылардың қанағаттану деңгейі<br>Қатысушылар тізімі<br>Пікір<br>Қорытынды ақпарат | 1 әр шарадан<br>3 әр шарадан<br>1<br>80%<br>2 (50 қатысушы)<br>6-дан кем емес<br>2 | 1 әр шарадан<br>3 әр шарадан<br>1<br>80%<br>2 (50 қатысушы)<br>6-дан кем емес<br>2 | сабақтары өтті. шеберлік сабақтарын білікті мамандар өз орталықтарында, атап айтқанда, «Апельсин» сұлулық салонында (бет әрлеу, шаштараз), «Жансая food» асхана цехында (аспаз) және 29-16 мекенжайында орналасқан тігін шеберханасында (тігін) өткізді. Қатысушылар Ақтау қаласы әкімдігінің «Жанұя» отбасын қолдау орталығында тіркелген осал топтағы әйелдер. Қатысушыларды ң барлығы бір ай бойы шеберліктерін шыңдап, өздерінің қалауына қарай |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | мамандықтарға үйреніп шықты. Ұйымдастырушылар тарапынан тыңдаушыларға сертификат табысталып, гүл шоқтары берілді. Шараның мақсаты – аналардың отбасындағы рөлін нығайту, оларды өзін-өзі дамытуға және кәсіп ашуға бағыттау. Аталған шеберлік сабақтарына қатысушылар тарапынан алған әсерлері өте жақсы деп бағаланды. |
| | Қала әйелдерін өз ісін ашуға ынталандыруға бағытталған кемінде 50 адамның қатысуымен кемінде 4 | 25 қазан, 2024 жыл | Назарбаев зияткерлік мектебінің акт залы, Ақтау қаласы | 200 | | Шеберлік курстары<br>Шебер курстарын өткізетін мамандардың тізімі (түйіндеме, диплом, сертификаты)<br>Тапсырыс берушімен | 4<br>1<br>4 | 4<br>1<br>4 | Ақтауда 50 әйелге құқықтық сауаттылық, қаражатты тиімді жұмсау бағытында тренинг-семинар өтті. Шараға қатысқан көпбалалы |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | бағыттағы (мысалы, кондитер, шаштараз, маникюр, массаж, тігін және т.б.)оффлайн шеберлік сағатын ұйымдастыру | | | | | келісілген бағдарлама<br>Сертификат<br><br><br><br>Фотоесеп<br><br>Видеоесеп<br><br>Әлеуметтік желіге арналған қысқа пост<br>БАҚта жарияланым<br>Қатысушылардың қанағаттану деңгейі<br>Қатысушылар тізімі<br><br>Пікір | <br><br>1 (4 бағыт бойынша)<br><br>10 әр шарадан<br>1 әр шарадан<br>2 әр шарадан<br><br>1<br><br>100%<br><br><br>4 (50 қатысушы)<br><br>8-ден кем емес | <br><br>1 (4 бағыт бойынша)<br><br>10 әр шарадан<br>1 әр шарадан<br>2 әр шарадан<br><br>1<br><br>100%<br><br><br>4 (50 қатысушы)<br><br>8-ден кем емес | аналар өз басын қорғау, тұтынушы құқығы, отбасылық қаржыны реттеу, ақшаны орнымен пайдалану бойынша сауат ашты. Жиында қатысушылар тұлға ретінде заңды пайдалана білу, отбасылық бюджетті басқарудың маңызды принциптерін талқылап, шығындарды жоспарлау мен үнемдеуді үйренді. Сарапшылар пайдалы кеңестермен бөлісіп, тәжірибе алмасты. Бүгінде өз құқығын білместіктен түрлі салдарға тап болып, несие алып, берешекке белшесінен |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | батқандар көп. Бұған себеп құқықтық, қаржылық, менталды сауаттылықтың төмен болуынан дейді ұйымдастырушылар. Семинарда заңның ұтымды тұстары мен ақша туралы лайфхактар да айтылды. Жиналғандар дәрістен алған білімдерін алдағы уақытта тәжірибе жүзінде пайланатындарын жеткізді. |
| 5 міндет. Жобаның жүзеге асу барысын ақпараттандыру | Жобаның жүзеге асу барысы туралы ақпараттық фото, видео материалдар дайындау, өңдеу, жариялау | 26 қазан, 2024 жыл | Ақтау қаласы, «BR» әлеуемттік жобасының конференц залы | 5 | | Фотоматериал<br><br>Видеоматериал<br><br>Әлеуметтік желіге жарияланым | 3 әр шарадан<br>1 әр шарадан<br>1 әр шарадан | 3<br><br>3<br><br>3 | |
| Шарт талаптар | Жобаның қорытындыс | | | | | Брифинг<br>Пресс-релиз | 1<br>1 | 1<br>1 | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы | ы мен қол жеткізген нәтижелер туралы хабардар ету мақсатындағы БАҚ өкілдеріне брифинг өткізу | | | | | Фото/видеоесеп БАҚ-тағы жарияланым Әлеуметтік желідегі жарияланым | 5/1 1<br><br>2 | 5/1 1<br><br>2 | |
| Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс | Жоба аясындағы шараларды әлеуметтік желілер арқылы ақпараттандыру<br><br>БАҚ-та ақпарат орналастыру<br><br>Облыстық телеарнада ақпарат | | | | | Әлеуметтік желілерге арналған пост<br>Ақпараттық порталға материалдар<br><br>Облыстық «Маңғыстау» газетінде және тұрғындарды әлеуметтік жоба туралы ақпараттандыру мақсатында материал жариялау<br><br>Интервью немесе жаңалықтар арқылы жоба туралы ақпарат | 28<br><br>6<br><br>5<br><br>5 | 28<br><br>6<br><br>5<br><br>5 | |

**Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі/егер бар болса, жоспардан ауытқудың негіздемесі:** Жоспардан ауытқу жоқ.

**Әлеуметтік жобаның әлеуметтік-экономикалық әсерін көрсететін кестені толтырыңыз**

| | Индикатор | Өлшем бірлігі | Жоспарланған деңгейі | Нақты деңгейі |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Тікелей бенефициарлардың саны | адам | 1200 | 1235 |
| 2. | Жанама бенефициарлардың саны (БАҚ-та жарықтандыру есебінен) | адам | 4000 | 4000 |
| 3. | Штаттық қызметкерлердің саны | адам | 3 | 3 |
| 4. | Тартылған мамандардың саны | адам | 14 | 14 |
| 5. | Қамтылған ҮЕҰ саны | ұйым | 4 | 10 |
| 6. | Гранттың жалпы сомасынан еңбекақы төлеу қоры | теңге | 2 400 000 | 2 400 000 |
| 7. | Салықтар (тек штаттық қызметкерлердің ӘС, ӘА, МӘМС) | теңге | 308 640 | 308 640 |
| 8. | Экономикаға қосқан үлесі (тауарлар мен қызметтерді сатып алу) | теңге | 7 266 880 | 7 266 880 |
| 9. | Әлеуметтік жоба серіктестерінің саны (заңды және/немесе жеке тұлғалар) | ұйым/адам | 10 | 10 |

**2. Мақсатқа жету (фактілерді сипаттау және мақсатқа жету туралы дәлелдерді көрсету):**

- **Жобалық топты құру**: Мамыр айында Ақтау қаласында жобалық топ құрылып, жұмыс бөлінісі мен медиа-жоспарлар жасақталды. Жұмыстар нәтижесінде жергілікті телеарналар мен ақпараттық порталдардан қолдау хаттары алынып, жобалық дайындық кезеңі басталды.

- **Ақтау қаласының әкелерінің рөлін нығайту**: «Асқар тауың – әкең қымбат» форумында 634 адам қатысты. Шара барысында әке мен бала арасындағы қарым-қатынас нығайтылып, әкелердің қоғамдағы рөлі күшейтілді. Форумның аясында афиша, әлеуметтік желілерде жариялану, қатысушыларды электронды түрде шақыру шаралары да ұйымдастырылды.
- **Әлеуметтік осал топтағы аналарды жігерлендіру**: 323 адам қатысқан «Мен әйелмін – әлемнің анасымын» атты екі күндік кездесулерде аналарға жігер беру мен олардың қоғамдағы орны, рөлі туралы маңызды мәселелер қозғалды. Шараға қатысушылар өз әсерлерін өте жақсы деп бағалап, шараға қатысу барысында білімдері мен тәжірибелері кеңейді.
- **Әйелдерді кәсіп ашуға ынталандыру**: Шеберлік сабақтарында 50 әйел өз ісін ашуға қажетті білім алды. Сабақтар барысында шаштараз, аспаз, тігінші, бет әрлеу сияқты мамандықтар бойынша теория мен тәжірибе арқылы жаңа дағдылар үйреніп, сертификаттар мен гүл шоқтары берілді.

- **Жастар арасындағы әлеуметтік жағымсыз құбылыстардың алдын алу**: 200 астам жасөспірім мен жастарға арналған шарада нашақорлық, ойынқұмарлық, ерте жүктілік, суицид сияқты мәселелерге қатысты терең талқылаулар жүргізілді. Жастарға денсаулық сақтау, салауатты өмір салты, жағымсыз әдеттермен күрес туралы ақпарат берілді. Шараға спорттық олимпиадалар мен түрлі байқауларда жеңімпаз болған спикерлер қатысты.
- **Тұрмыстық немесе физикалық зорлық-зомбылық көрген әйелдерге құқықтық, қаржылық, менталды сауаттылықты арттыру**: Ақтауда 50 әйел үшін құқықтық сауаттылық, отбасылық қаржы мен бюджетті басқару, заңды пайдалану туралы тренинг-семинарлар өткізілді. Семинар нәтижесінде қатысушылар өз құқықтарын қорғау, қаржыны тиімді басқару дағдыларын меңгеріп, тәжірибе алмасып, алдағы уақытта бұл білімді қолданатындарын білдірді.

**3. Әлеуметтік жобаның аяқталуы және/немесе іске асырылуы барысында болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу** *(жобаға дейінгі ахуал мен жоба аяқталған кездегі жобалық жағдайды, жоба шеңберіндегі проблемалар мен міндеттерді шешу дәрежесін салыстыру): нарықтағы бағаның құбылуы, бірқатар іс-шараларды ұйымдастыру барысында кедергі келтірді, мысалы әуебилет құнының өзгеруі, қонақ үй мен тамақтану, зал жалдау сияқты шығындарда баға өзгерістері болып отырды. Сондай-ақ, грант алушылар мен грант операторы арасында қаржылық есеп бойынша сабақтар өтсе деген ұсыныс бар.*

*«Жетістік тарихы» - бұл әлеуметтік жобаның қандай да бір нақты жағдайда (белгілі бір қызмет алушының өмірінде) қалай көмектескенінің қысқаша (5-8 сөйлем) мысалы; осы жобаны жүзеге асыру барысындағы 3 іс-шара аясында шеберлік сабақтарын оыған бірқатар әйелдер өз кәсібін ашып, қазіргі уақытта үйлерінен кәсіптерін дөңгелетіп отыр. Олардың қатарында 2 адам мемлекеттік қайтарымсыз грант алып, республикалық, халықаралық оқыту курстарынан өтіп келді. Бұл әйелдер Ақтау қалалық әкімдігіне қарасты «Жанұя» отбасын қолдау орталығында осал топтағы аналар ретінде тіркелген азаматтар.*

*Жетістік тарихын жарияланымдарда, сондай-ақ әлеуметтік жобаның нәтижелерін одан әрі ұзақ мерзімді бақылау үшін пайдалануға болады. Жетістіктің қысқаша тарихы келесі бөліктерді қамтуы керек: әлеуметтік жобаның басындағы жағдай; әлеуметтік жобаның жағдайға әсері әсер ету нәтижесі болып табылады.*

*Сондай-ақ, жетістік тарихында оның байланыс деректерін қоса отырып, белгілі бір қызмет алушының кері байланысы болғаны жөн.*

**4. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат (бағдарламалық аралық есепті ұсыну кезінде):**

**1) Гендерлік көрсеткіш:**

| Жобаға қатысушылардың саны барлығы | Ерлер | Әйелдер |
|---|---|---|
| 1257 | 617 | 640 |

**2) Санаттар бойынша әлеуметтік мәртебе:**

| Жобаға қатысушылардың саны барлығы | Балалар (оның ішінде мүгедек балалар) | Жастар | Мемлекеттік қызметкерлер | Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары | Мүгедектігі бар тұлғалар | Егде жастағы адамдар (50 жастанжоғары), оның ішінде | Жұмыссыздар | Қоғамдық ұйымдардың өкілдері | Бизнес-сектор өкілдері | Басқа санаттар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1257 | | 350 | 63 | 332 | 20 | 130 | 100 | 35 | 127 | 100 |

**3) Жас көрсеткіші:**

| Жобаға қатысушылардың саны барлығы | 13-16 жас | 17-22 жас | 23-27 жас | 28-32 жас | 33-45 жас | 46-58 жас | 59 жас және одан жоғары |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1257 | 200 | 130 | 102 | 245 | 350 | 180 | 50 |

**5. Әлеуметтік жобаның нәтижелері:**

**1) көрсетілген нысаналы топтардың әлеуметтік жобаны іске асыру барысында (сандық көрсеткіштерді, сапалық өзгерістерді сипаттай отырып) алған нақты нәтижелері:**

Әлеуметтік жобаның нәтижесінде 634 адам әкелер мен балалардың қарым-қатынасын нығайтуға бағытталған форумға қатысып, әке рөліне деген түсінік артты. 323 әлеуметтік осал топтағы әйелдер психологиялық қолдау мен өзін-өзі дамыту шараларынан өтті, олардың әлеуметтік белсенділігі және өмір сапасы жақсарды. 50 әйел кәсіпкерлік дағдыларын шеберлік сабақтарынан алып, өз ісін бастауға ынталанды. 200-ден астам жасөспірім мен жас жастар арасындағы әлеуметтік жағымсыз құбылыстарға қарсы білім алып, осы мәселелер бойынша ақпараттанды. Тұрмыстық зорлық-зомбылық көрген 50 әйел құқықтық және қаржылық сауаттылықтарын арттырып, өз құқықтарын қорғауға қажетті білім алды, бұл олардың өмір сүру жағдайларын жақсартуға әсер етті.

**2) Жобаны іске асыру барысында шешілуге тиісті проблемаға жобаның ұзақмерзімді ықпалы (жобадан туындаған осы немесе өзге саладағы болжамды оң/жағымсыз өзгерістерді негіздеу):**

Жобаның іске асырылуы барысында шешілуге тиісті негізгі мәселелердің бірі — әлеуметтік осал топтар мен жастар арасында құқықтық, қаржылық, және менталды сауаттылықты арттыру, сондай-ақ әлеуметтік жағымсыз құбылыстардың алдын алу. Ұзақмерзімді ықпалы ретінде, бұл шаралар әйелдер мен жастардың тәуелсіздігін, өз құқықтарын қорғауын, салауатты өмір салтын ұстануын нығайтуға ықпал етеді. Әлеуметтік қолдау мен кәсіпкерлік дағдыларды дамыту арқылы қоғамдағы отбасылық қатынастардың тұрақтылығы мен әлеуметтік әл-ауқатты арттыруға, сондай-ақ тұрмыстық зорлық-зомбылықты болдырмау бағытында маңызды өзгерістер орын алуы мүмкін. Дегенмен, осы шаралардың тұрақты әрі үздіксіз жүзеге асуы үшін қосымша ресурстар мен қолдау қажет болуы мүмкін.

**3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:**

Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері кең ауқымды болып табылады. Әлеуметтік тұрғыдан, жобаның аясында әлеуметтік осал топтағы әйелдер мен жастарға арналған тренингтер, шеберлік сабақтары және ақпараттық жиындар ұйымдастырылып, олардың құқықтық, қаржылық және менталды сауаттылығы артты. Бұл шаралар әйелдердің экономикалық тәуелсіздігін және өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етті, сондай-ақ жастарды әлеуметтік жағымсыз құбылыстардан қорғау мақсатында салауатты өмір салты мен ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуді көздеді. Экономикалық тұрғыдан, жоба арқылы кәсібін ашуға ынталандырылған әйелдер өз бизнесін бастап, жұмыс орындарын ашып, жергілікті экономикаға оң әсер етті. Қатысушылардың кәсіби дағдылары мен білім деңгейі артқан сайын, олардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігі де жоғарылады, бұл өз кезегінде жұмыссыздық деңгейін төмендетуге ықпал етіп, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге ықпалды болды. Жобаның жалпы нәтижесінде қоғамда тұрақты әрі теңдестірілген дамудың негізі қаланды.

**6. Әлеуметтік жобаны іске асыруға қолдау көрсеткен серіктестердің (бар болса), билік органдарының, құрылымдардың үлесін талдау: оларды тарту қаншалықты қажет болды, бұл әлеуметтік жобаны қалай күшейтті, қандай сабақтар алынды, өзара іс-қимылды қалай жалғастыру жоспарлануда?**_жобаны жүзеге асыру барысында мемлекеттік мекемелермен, оқу орындарымен, БАҚ, ҮЕҰ өкілдерімен, әскери бөлімшелермен, түрлі деңгейдегі кеңестермен байланыс орнатылды. Жобаның сәтті өтуіне тиімді тұстары болды.

**Әлеуметтік жобаның серіктестері**

Жобаны іске асыруға тікелей қатысатын, қызметі жобаның нәтижелеріне әсер етуі мүмкін ұйымдар. Серіктестерге логистика, тамақтану, жол жүру және т.б. бойынша қызмет көрсететін жеткізушілер кірмейді.

| Ұйымның атауы/ Серіктестің ТАӘ | Жобадағы рөлі | Ұйымның, серіктестің байланыстары | Ескерту |
|---|---|---|---|
| «Жанұя» отбасын қолдау орталығы | Қатысушылармен қамтамасыз ету | Директоры Қаржаубаева Назила | |
| Маңғыстау облыстық телеарнасы | Жаңалықтар топтамасында материал беру | Директоры Нұрбол Оқуов | |
| «Маңғыстау Медиа» ЖШС | Облыстық газеттерге мақалалар жариялау | Директоры Гүлмира Әбішова | |
| «Каспиан тудей» ақпараттық порталы | Ақпараттық қолдау көрсету | Директоры Қанат Айтбай | |
| «Хан шахар» салтанат сарайы | Шараны өткізуге арналған залмен қамтамасыз ету | Әкімшісі Салтанат | |
| «Апельсин» сұлулық салоны | Қатысушыларға арналған салонмен қамтамасыз ету | Директоры Данияр Турсекенов | |
| «Кербез» тігін шеберханасы | Қатысушыларға арналған шеберханамен қамтамасыз ету | Директоры Манзила Хисметова | |
| «Жансая food» ас цехы | Қатысушыларға арналған цехпен қамтамасыз ету | Диреторы Жансая Асилбекоа | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| «BR»әлеуемттік жобасының ғимараты | Шараны өткізуге арналған залмен қамтамасыз ету | Директоры Бибігүл Рамазанова | |
| Назарбаев зияткерлік мектебі | Шараны өткізуге арналған залмен қамтамасыз ету | Директор орынбасары Айдар Бейбітұлы | |

**Мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесіне енгізу үшін ұсыныстар:**

| № | Мемлекеттік грант саласы | Мемлекеттік гранттың ұсынылатын басым бағыты | Грантты іске асыру шешуі тиіс мәселенің қысқаша сипаттамасы | Қаржыландыру көлемі (мың теңге) | Грант түрі | Күтілетін нәтиже |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |

**Мемлекеттік органдар үшін әлеуметтік жобаны іске асыру қорытындылары бойынша нақты практикалық ұсынымдарды көрсетіңіз.**

| Мемлектетік органдар | Ұсынымдар | Әзірленген ұсынымдарды жіберу туралы хаттың нөмірі мен күні *(қосымшалары бар хаттардың көшірмелері осы есеппен бірге ұсынылуы керек)* |
|---|---|---|
| | | |
| | | |
| | | |

**Есеп беттерінің жалпы саны: 19**
**Грант алушы: «Бала жолы» қоғамдық қоры**
**Басшының лауазымы: Директор Жолдыбаев Таңат Реймұлы.**

Толтыру күні ____________
Мөрдің орны